

«Абай ілімі» пәнінен СӨЖ бойынша НҮСҚАУЛАР МЕН КЕҢЕСТЕР

Оқу, білім алу, оны үнемі толықтыру ісі алған білімді нақты іс жүзінде пайдаланумен ұштасуы қажет. Нақты тәжірибеде пайдалануға жарамсыз білім білім болып есептелмейді. Бұл жерде де білім алушының өздігінше атқаратын жұмысына саналы түрде қарауы, теориялық білімнің өзінің өмірлік тәжірибесі, болашақ кәсіби қызметі үшін пайдасын іздеуі аса маңызды қызмет атқарады. Магистранттың өздік жұмысының осы аталған аясында ұдайы белсенді еңбек етуі шарт. Семинар (практикалық) сабағы магистрантты осындай мүмкіншіліктерді игеруге, өздігінше ізденіс жұмыстарын жүргізуге, творчестволық ойлау дағдысына баулиды.

Білім алуға ниет еткен, ол білімін күнделікті тіршілікте, болашақ кәсіби қызметі саласында қолданамын, содан табыс табамын деген студент мынаны білуі қажет:

Білім алушының өздік жұмысының сапасы оқу ісінің сапасына әсер етеді, оның салдары болашақ кәсіби қызметінің нәтижесінен көрінеді. Іс жүзінде өздік жұмыстың маңызы мен мәніне студенттердің көңіл бөлмей қарауына жол жоқ. Білім алушылардың өздік жұмысының жетімсіздігінен оқу сапасы қажетті творчестволық деңгейге көтерілмей қалып отыратын жағдайлар да кездесуі мүмкін. Бұл білім алушының маман ретінде қалыптасуына кері әсер етуі мүмкін. Оған жол беруге болмайды.

Оқу процесінде оқу-тәрбие жұмысының барлық нысандары мен түрлерін, әсіресе, лекция мен семинар сабақтарын, өздік жұмыс түрлерін жете үйлестірудің маңызы оқытушы үшін де, докторант үшін де өте жоғары. Оларды бір емес, екі оқытушы жүргізген жағдайда ондай үйлесімге жету қиын. Мұның жалпы оқу ісіне тиімді болмауы ықтимал.

Өздік жұмыс аясындағы мәселелерді жете игеру ісінде білім алушының өздігінше ізденулері мен дайындықтары шешуші рөл атқарады.

Оқулықтар мен берілген әдебиеттер бойынша үздіксіз, бірқалыпты жүйелі және тиянақты дайындалу нәтижесінде ғана нақты табыстарға жетуге болады. «Абай ілімі» пәні бойынша рындалатын өздік жұмыс білім алушының кәсіби біліктілігінің жоғары деңгейде қалыптасуына негіз болады. Абайдың ілімі жүйесіндегі кісілік қағидалардың өмірлік мәні мен маңызын бойына сіңіре алмаған студент болашақта өз мамандығы бойынша ел үшін игілікті іс атқара алмайды. Мамандық пәндері маман болуға баулиды, «Абай ілімі» пәні кемел адам болуға баулиды. Өз мамандығы бойынша алған білімін «Абай ілімі» пәні негізіндегі кісілік қасиеттермен ұштастыра білген жас болашақта ел үшін, қоғам үшін, мемлекет үшін аса қымбат маманға айналады.

Жоспарсыз, жүйесіз және жеткіліксіз дайындалу білімнің де жүйесіз, үстірт қалыпта қалып қоюына әкеліп соғады. Білім алушының өздігінше жүргізетін жұмысында уақытты үнемді, тиімді пайдалану - жүйелі, тиянақты білім алудың басты кепілі. Осыны есте берік ұстау керек.

Білім алушының өздік жұмысының нәтижелері семинар сабақтарында талқыланады. Семинарды өткізудің жолдары алуан түрлі. Олардың бастылары мынадай: а) сұрақ-жауап тәсілі; ә) әңгіме-сұқбат; б) эссе немесе баяндама және оны талқылау; в) семинар-диспут; г) семинар-конференция, т.б. Білім алушы

осылардың бәрінде де өзінің білімінің тереңдігін Абайдың кісілік кодексiне сай көрсете білуі қажет.

Сонда оның өздік жұмыстары елеулі нәтижелерге алып келетiндiгiнде сөз жоқ. Солардың бәрінде де білім алушының творчестволық белсенділігі, саналы, жүйелі дайындығы маңызды.

28.08.2022